



ПРЕЗИДЕНТ МАНҒЫСТАУЛЫҚ ДӘРІГЕРДІ МАРАПАТТАДЫ



**АБЫРОЙЛЫ ҚЫЗМЕТТІҢ БИІК БАҒАСЫ РЕТІНДЕ
МАНҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БЕЛГІЛІ ДӘРІГЕРІ ЖАПЫРАҚ
ЕПЕНОВАҒА «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ДӘРІГЕРІ»
ҚҰРМЕТТІ АТАҒЫ БЕРІЛДІ.**

Акордада Медицина қызметкері күніне орай өткен салтанатты рәсімде жоғары мемлекеттік марапатты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев табыстады.

Салтанатты жиын барысында Президент медицина қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, адам өмірін арашалап жүрген дәрігерлердің еңбегін ерекше атап өтті. Мемлекет басшысы өз сөзінде ана мен бала денсаулығын қорғау ісінің маңызына тоқталып, осы салада аянбай еңбек етіп жүрген мамандарға алғысын жеткізді.

Жапырақ Епенова – денсаулық сақтау саласына өмірінің отыз бес жылын арнаған тәжірибелі маман. Ол еңбек жолын акушер-гинеколог ретінде бастап, кәсіби білімі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында жауапты қызмет сатыларынан өтті. Әр жылдары бөлім

менгерушісі, емдеу ісі жөніндегі директордың орынбасары қызметтерін атқарып, медициналық басқару саласында да мол тәжірибе жинақтады.

2020 жылдан бері Маңғыстау облыстық «Ана мен бала» перинаталдық орталығын басқарып келеді. Оның жетекшілігімен өңірдегі ана мен бала денсаулығын қорғау жүйесін жетілдіру, медициналық көмектің сапасын арттыру, заманауи емдеу технологияларын енгізу бағытында ауқымды жұмыстар жүзеге асырылды.

Акушер-гинекология және денсаулық сақтауды ұйымдастыру бағыттары бойынша жоғары біліктілік санатына ие дәрігер мыңдаған сәбидің өмірге келуіне себепкер болды. Ол – кәсіби маман ғана емес, жас дәрігерлерге тәлім беріп жүрген ұстаз, ұйымдастырушы әрі саланың дамуына

үлес қосқан білікті басшы ретінде де танымал.

Әсіресе Маңғыстау секілді халқы жыл сайын өсіп келе жатқан өңірде ана мен бала денсаулығын қорғау мәселесі ерекше маңызға ие. Осы жауапты міндеттің үдесінен шығып келе жатқан перинаталдық орталық жұмысының нәтижесінде, көптеген көрсеткіштер жақсарып, медициналық көмектің қолжетімдігі мен сапасы артты.

Жапырақ Епенованың еңбегі бұған дейін де мемлекет тарапынан жоғары бағаланған болатын. Ол 2017 жылы «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласының үздігі» атағын иеленсе, 2020 жылы «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Ал «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» атағы – ұзақ жылғы адал еңбектің, кәсіби шеберліктің және адам өміріне деген жанашырлықтың занды жемісі.

«МАНҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

ҰСТАЗДАР ЕҢБЕГІ ҰЛЫҚТАЛДЫ



**АҚТАУДА МАНҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ
ҚИЛЫБАЙДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРЫН ТАБЫСТАУ РӘСІМІ ӨТТІ.**

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес өңірдің бірқатар ұстаздары мен білім саласының ардагерлері білім беру ісін дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін жоғары мемлекеттік марапаттарға ие болды.

Атап айтқанда, Маңғыстау ауданының білім беру саласының ардагері Жанат Керелбаева мен Қаракия ауданындағы №8 жалпы білім беру мектебінің тарих және құқық пәні мұғалімі Балкия Бижанова «Құрмет» орденімен наградталды. Сондай-ақ Ақтау қаласындағы Ибаш Жанболатова атындағы №15 мектеп-гимназиясының биология пәні мұғалімі Марал Жұмағұлова, Маңғыстау ауданындағы Алшын Меңдалыұлы атындағы жалпы білім беру мектебінің математика пәні мұғалімі Несіпгүл Қуанбаева және Ақтау қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы №20 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Шархат Мұсабаева «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Салтанатты жиында өңір басшысы марапат иелерін құттықтап, олардың жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі еңбегін жоғары бағалады.

– Ұстаз – қоғамдағы ең қадірлі мамандықтардың бірі. Мемлекеттік марапат – сіздердің көп жылғы адал еңбектеріңізге берілген лайықты баға. Баршаңызды жоғары наградаларыңызбен құттықтаймын, – деді Нұрдәулет Қилыбай.

Марапат иелері бұл құрметті ұстаздар қауымының еңбегіне көрсетілген зор сенім мен қолдау деп бағалады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ИРАН ДЕЛЕГАЦИЯСЫ АЙМАҚ ПОРТТАРЫН АРАЛАДЫ

**МАНҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНА ИРАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОЛ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ ДАМУ МИНИСТРІ
ФАРЗАНЕ САДЕГ БАСТАҒАН ДЕЛЕГАЦИЯ АРНАЙЫ
ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ. ДЕЛЕГАЦИЯ ҚҰРАМЫНДА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІР ЖОЛ ЖӘНЕ СУ КӨЛІГІ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ
НҮРЖАН КЕЛБҒАНОВ ТА БОЛДЫ. САПАР БАРЫ-
СЫНДА ҚОНАҚТАР КАСПИЙ ТЕҢІЗІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ
КӨЛІК ҚАҚПАЛАРЫ САНАЛАТЫН АҚТАУ ЖӘНЕ
ҚҰРЫҚ ПОРТТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСИП,
ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ҰНТЫ-
МАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ.**



Бүгінде әлемдік сауда бағыттары өзгеріп, халықаралық тасымалдың жаңа жолдарына сұраныс артып келеді. Осындай жағдайда Каспий теңізі арқылы өтетін көлік дәліздерінің маңызы еселеп өсуде. Сондықтан Қазақстан мен Иран арасындағы әріптестікті нығайту – екі мемлекет үшін де стратегиялық мәнге ие.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚАМҚОРЛЫҚ ПЕН МЕЙІРІМГЕ ТОЛЫ ОРТАЛЫҚ

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ
КЕМЕЛҒҰЛЫ ТОҚАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫМЕН
БАЛАЛАРҒА ТЕҢ ӘРІ ҚОЛЖЕТІМДІ, ҚАУІПСІЗ
ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЖӘНЕ САПАЛЫ
БІЛІМ БЕРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН АУҚЫМДЫ
ӘЛЕУМЕТТІК РЕФОРМАЛАР ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ
ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТЫР.**

Голпрох ЖЕМЕНЕЙ

Адами капиталды дамытуға бағытталған инновациялық тәсілдерді әрбір баланың әлеуетін толық ашуға бағыттау қоғамның тең және



әділ дамуына жол ашады. Сондықтан инклюзивті білім беру – Қазақстанның әлеуметтік саясатының жаңа сапалық деңгейін айқындайтын маңызды бағыттардың бірі. Осыған орай Маңғыстау облысында ерекше қолдауды қажет ететін, аутистік спектрі бұзылған балаларға арналған «Qamqorlyq» №4 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының ашылу салтанаты өтті.

(Жалғасы 10-бетте)